

Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық қалалық комиссияның құрылуы туралы

Күшін жойған

Курчатов қалалық әкімиятының 2002 жылдың 9 желтоқсандағы N 111 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 12 ақпанда N 1104 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 17 наурыздағы N 240 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 2008.03.17 N 240 қаулысымен.

"Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 28 сәуірдегі N 391 Қаулысын және "Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық облыстық комиссия туралы" Шығыс Қазақстан облыстық әкімиятының 2002 жылғы 11 ақпандағы N 76 Қаулысын орындауда және апаттылықты төмендету, көлік кешенінің қауіпсіз жұмысын арттыру, қала бөлімдері мен қызметтері, жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық ұйымдар мен кәсіпорындар, мекемелер көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша іс-қимылын үйлестіру жөнінен ұсыныстар әзірлеу мақсатында Курчатов қалалық әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қалалық комиссия құрылсын (N 1 қосымша).

2. Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық қалалық комиссия құру туралы Ереже бекітілсін (N 2 қосымша).

3. Қалалық ведомствоаралық комиссия 2002 жыл ішінде көліктегі апаттылықты азайту, көше жүйелерін дамыту және қайта жаңарту, жалпы пайдалану жолдарын жаңғырту мен дамыту жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын тиісті жағдайда ұстау жөніндегі шаралар кешенін жасап, жүзеге асырсын.

4. Көліктегі апаттылықты төмендету, жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын дамыту мен реттеу жөніндегі шараларды қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылсын.

5. Қала мекемелері мен кәсіпорындары басшыларына, көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі комиссия құру, комиссия төрағасының міндеттерін көлік мәселесін қадағалайтын орынбасарына жүктелсін.

6. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын. 7.

Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық қалалық комиссия құрамы Курчатов қалалық мәслихатының сессиясына бекітуге берілсін.

К у р ч а т о в қ а л а с ы

әкімінің м.а.

Курчатов қаласы әкімиятының
2002 жылы 9 желтоқсандағы
N 111 қаулысына N 1 қосымша

**Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі
ведомствоаралық қалалық комиссияның құрылуы туралы**

Тулеутаев Шахмұрат Игембекович	Қала әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы
Аусенов Жұмақұмар Айтқазиевич	ТЖ және АҚ жөніндегі бас маманы м.а., төраға орынбасары
Пашенко Нина Николаевна	Қалалық білім беру бөлімінің бастығы, комиссия хатшысы
Крещенова Галина Валентиновна	Тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық бөлімі бастығының м.а.
вакансия бойынша	Денсаулық сақтау жөніндегі бас маманы
Елемесов Бейсенбек Альсеинович	Қалалық полиция бөлімі бастығының орынбасары
Пронин Александр Васильевич	Шығыс Қазақстан облысы ішкі істер Бас басқармасының 5 бөлімінің әкімшілік қызметі бөлімшесінің бастығы
Маснев Василий Афанасьевич	"Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы" Мемлекеттік кәсіпорынының ТЖ және АҚ штабының бастығы
Даулетбаев Мақсұт Слямович	Қалалық полиция бөлімінің аға мемавтоинспекторы
Демченко Николай Иванович	"Озон" Өндірістік кооперативінің директоры
Акимбеков Кажиякпар Баскенович	"Дегелең" станциясының бастығы

К у р ч а т о в қ а л а с ы ә к і м і

аппаратының басшысы

Курчатов қаласы әкімиятының
2002 жылы 9 желтоқсандағы
N 111 қаулысына N 2 қосымша

Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі

ведомствоаралық комиссия туралы

ЕРЕЖЕ

1. Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық қалалық комиссия (ары қарай комиссия) көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, тиісті мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды жасаумен және жүзеге асырумен, осы мақсаттарға бөлінетін қаржыларды тиімді пайдаланумен байланысты мәселелер бойынша қалалық басқармалар мен комитеттерді, жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысандарына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілердің, ғылыми, қоғамдық ұйымдармен бірлестіктердің қызметін үйлестіру жөніндегі ұсыныстарды дайындайтын консультативтік - кеңес беруші қалалық орган болып табылады.

2. Комиссия өзінің жұмысын төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

1) көліктегі апаттың себептерін зерттеу мен талдау және қозғалыс қауіпсіздігін сақтау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

2) басымдылықтарды айқындау және көліктегі апатты азайту жөніндегі мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды, жобаларды жасау мен жүзеге асыруға көмектесу;

3) көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басым бағыттарында; автомобиль жолдары мен теміржолдарды, қалалар мен елді мекендердің көше жүйелерін салу мен жаңғырту, жылжымалы құрамның техникалық сипаттамаларын жақсартуда, көлік қозғалысын реттеудің қазіргі заманғы техникалық құралдарын енгізуде, көлік құралдары жүргізушілерінің кәсіптік деңгейін көтеруде, жол полициясы басқармасының қызметкерлері мен көлік жүргізушілерін жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге оқытуда даму мен ғылыми-техникалық потенциалдың, материалдық - техникалық ресурстар мен бюджеттік қаржылардың шоғырландырылуына көмектесу;

4) көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңдылықтары мен нормативтік актілеріне қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды әзірлеуге қатысу;

5) қалалық бөлімдер мен қызметтер, шаруашылық жүргізуші субъектілердің көлік оқиғаларының алдын алу мен олардың салдарын азайту, бұл жұмыстың оңды тәжірибесін тарату мәселелері жөніндегі жұмыс тәжірибесін зерттеу;

6) қала бөлімдері мен қызметтерінде шаруашылық жүргізуші субъектілері ұсыныстарына талдау жасау;

7) көлікті қамтамасыз ету жөніндегі жергілікті және ведомстволық

қызметтеріне ықпал етіп, көмек көрсету;

8) тұрғындардың барлық жастағы топтарын жол қозғалысы Ережелерін оқытуға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттауға ықпал ету;

9) көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық ұйымдастырушылық механизмдерін енгізу жөнінен ұсыныстар дайындау.

3. Комиссия мыналарға құқылы:

1) қалалық бөлімдермен мен қызметтерден, шаруашылық жүргізуші субъектілерден олардың көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметін бейнелейтін мәліметтерді сұрауға және алуға;

2) көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша қалалық бөлімдер мен қызметтерден, меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдарда тексерулер ұйымдастыруға;

3) өз мәжілістерінде көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша қалалық бөлімдер мен қызметтерді есептерін, баяндамаларын тыңдауға ;

4) қалалық бөлімдер мен қызметтерге, ұйымдар мен кәсіпорындарға қарамағындағы көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз етпеген басшыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту жайлы ұсыныстар енгізуге;

5) тиісті қала бөлімдері мен қызметтерінде, кәсіпорындар мен мекемелер басшыларының келісімімен білікті мамандарды көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты мәселелер бойынша материалдар дайындауға қатысу, сондай-ақ қалалық бөлімдермен, қызметтерде, кәсіпорындар мен мекемелерде осы мәселелер жөніндегі Үкімет қаулыларын, облыс әкімінің шешімдерін, Облыстық комиссия, қала әкімінің шешімін және осы мәселелер бойынша комиссия шешімдерін орындауын зерттеу мен талдауға тартуға.

4. Комиссия өзінің жұмысын комиссияның төрағасы бекіткен жоспарға сәйкес жүргізеді. Комиссияның мәжілістері тоқсан сайын бір реттен сиретпей өткізіледі. Комиссияның шешімдері хаттама ретінде ресімделеді және ұсыныс берушілік сипатқа ие болады.

5. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру-техникалық жағынан қамтамасыз етуді қала әкімі жүзеге асырады.

6. Қалалық көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық комиссия қала әкімі жанындағы тұрақты орган болып табылады, оның құрамын әкім айқындап бекітеді.

К у р ч а т о в қ а л а с ы

әкімі аппаратының басшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК